



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РӨЛІ**

Рашид Сымбат

Symbat.rashidova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті,

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-23 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің тәуелсіз Қазақстанның құрылуы мен қалыптасуындағы рөлі өте ерекше екенін баяндалған. Дипломатиялық қарым- қатынас орнатумен қатар, әлемдік қауымдастықта болып жатқан мәселелерден бей жай қалмаған. Оларды шешуде рөл атқарады. Мысалы, осы мақалада қарастырылатын күрделі мәселелерде қандай шешім қабылдағанын көреміз.

Аннотация. В этой статье подчеркивается уникальная роль Первого Президента Республики Казахстан в формировании независимого Казахстана. Наряду с установлением дипломатических отношений вопросы мирового сообщества не упускаются из виду. Они играют определенную роль в их решении. Рассмотрим, например, какие решения он принял по этому вопросу.

Annotation. This article emphasizes the unique role of the First President of the Republic of Kazakhstan in the formation of an independent Kazakhstan. Along with the establishment of diplomatic relations, the issues of the world community are not overlooked. They play a role in their decision. Consider, for example, what decisions he took on this issue.

Түйін сөз. Президент, тәуелсіз Қазақстан, дипломатия, БҰҰ, ядролық қару, полигон, Ауғанстан.

Ключевые слова. Президент, независимый Казахстан, дипломатия, ООН, ядерное оружие, полигон, Афганистан.

Key words. President, independent Kazakhstan, diplomacy, UN, nuclear weapon, polygon, Afghanistan.

Кіріспе. Қазақстан әлемдік қауымдастықта біріншіден, басқа елдермен, оның ішінде бұрынғы Одаққа кірген республикалармен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және АҚШ-пен халықаралық байланысты өркендету. Екіншіден, шет елдермен тек дипломатиялық байланыс қана орнатып қоймай, сонымен қатар, олармен мәдени-экономикалық байланысты күшейту, сол арқылы алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарына қосылу. Үшіншіден, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау, дүниежүзілік соғысты, ядролық қаруды қолдануды болдырмау. Тәуелсіз Қазақстанның дамуы және қалыптасуының жаңа тарихында Президенттің саяси көшбасшылығының мәні мен рөлі сөзсіз маңызды екені белгілі. Осы жылдар ішінде Мемлекет басшысының кемел саясатының арқасында Қазақстан зор жетістіктерге қадам жасады. Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты мақсат – бейбітшілік, соғысты болғызбау. 1992 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясында Президент Н.Назарбаев Азияда өзара ынтымақ пен сенім шараларын орнықтыру туралы мәселе көтерді. Оған сәйкес 1993 ж. Көктемде Алматыда осы мәселеге байланысты шақырылған бірінші бас қосуға оннан аса мемлекеттен өкілдер келген болса, сол жылғы тамыз айындағы кездесуге 17 елден сарапшылар тобы келді. Қазақстан Хельсинки процесіне қосылып, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның жұмысына қатысты (1992 ж.). Ал 1996 ж. 31 қыркүйекте Қазақстан БҰҰ-ға мүше 129 елдің қатарында ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа қол қойды. Қазақстанның СШҚ-І-Шарты мен ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуы әлемдік маңызы бар оқиға. Мұның өзі елдің қауіпсіздігінің кепілдіктерін күшейтті. 1994-1995 жж. Басты ядролық державалар – АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, ҚХР мен Франция Қазақстанға қауіпсіздіктің бірлескен және

жан-жақты кепілдіктерін берді. Осыған орай, біздің елімізде қауіпсіздікті қамтамасыз ету ең басты мәселе болып қала береді. Қорыта келгенде, тәуелсіз Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен тең деңгейде дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастар орнатты. Тәуелсіздік жылдары еліміздің сыртқы саясаттағы күш-жігерінің арқасында орасан зор тарихи маңызы бар міндеттер орындалды. Қазақстан дүниежүзілік қауымдастықта лайықты өз орнын алды. Егер 1991 жылы әлемдік қоғамдастықтың іс жүзінде Қазақстанға қандай да бір ықыласы аумай келсе, бүгінгі күні Қазақстанды әбден танып, құрметтеп отыр. Қазақстан Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық құрметті әріптеске, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналды.

1.1. Әлемдегі ұлы державалардың бірі - КСРО ыдыраған соң, жаңа тәуелсіз елдер пайда болып, халықаралық қатынастарда түбегейлі өзгерістер пайда болды. Әлемнің идеологиялық, әлеуеттік және экономикалық өзгерістеріне негізделген халықаралық жүйенің қалыптасуы жүрді. Енді ғана тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақстан басқа республикалар сияқты өз мемлекеттілігін қалыптастыру, нарықтық экономикаға көшу, демократиялық қоғам құру, ұлттық сананы нығайту және ең бастысы халықаралық аренада өз орнын табу мақсатын қойды. Мемлекеттік басқарудың қазақстандық үлгісінің маңызды құрамдас бөлігінің бірі - көшбасшы рөлі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның мемлекеттілігін, тұтастай алғанда, елдің әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірін жандандыруға көп әсерін тигізді. Осыған байланысты, Президенттің тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы ретінде тарихи рөлін теориялық тұрғыдан түсіну мәселесі өзекті болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің өмір жолы елдің және халықтың қазіргі заманғы тарихының ажырамас бөлігі. 1990 жылдың сәуір айында республика Президенті болып, Нұрсұлтан Назарбаев мемлекет пен оның азаматтары үшін үлкен жауапкершілік алды. Ол қоғам мен мемлекетке қатысты күрделі және маңызды үдерісінің қозғаушысы, идеялар бастаушысы. Қысқа уақыт аралығында Қазақстан саяси және экономикалық тұрғыдан тәуелсіз мемлекет болды. Президенттің күш-жігерінің арқасында біздің еліміздің халықаралық беделі нығайды. Қазақстан қазіргі кезде халықаралық қатынастар жүйесінде белсенді рөл атқарады және әлемнің саяси картасында өзіндік орнын тапты. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның халықаралық аренада Қазақстанды көрсеткен, өзіндік көзқарасымен ерекшеленген, тарихта қалған батыл әрекеттердің бірі – ядролық қарудан бас тарту. Қазақстан КСРО-ның әскери-өнеркәсіптік кешені басшылығының қарсылығына қарамастан, ядролық мирасқорлықтан өз еркімен бас тартты. Республиканың территориясында КСРО-ның ірі ғарыштық және ядролық сынаққа арналған полигондары орналасқан еді. Солардың бірі - Семей полигонын атап кетуге болады. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев кеңес армиясынан мирасқорлыққа қалған атомдық оқтұмсықтардан Лиссабон хаттамасына 1992 жылғы 22 мамырда қол қоя отырып бас тартты. Бұл шешімді АҚШ, Еуропаелдері және БҰҰ мақұлдады. Семей атом полигоны одан алдын 1991 жылы жабылған еді. Атомдық қарудан бас тарту тиімді түрде қауіпсіздікпен қамтамасыз етіп, экономикаға жаппай инвестицияларды тартты. Қазақстан үшін осы мәселеге тағы бір тарихи сәт-1994 жылы Қазақстан, Ресей, Ұлыбритания және АҚШ Қазақстанның ядролық қаруды таратпау туралы Келісімге қосылғандықтан қауіпсіздікке кепіл беру туралы Меморандумға қол қойғаны. Атап кетерлік жайт, 2008 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің кандидатурасы бейбітшілік бойынша Нобель сыйлығы ұсынылған еді. 2010 жылы Вашингтон қаласында өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитінде бүкіл әлем қайтадан Қазақстанның ядролық қарудан бас тартқанын еске түсірді.

1.2. Қазақстан Республикасы аймақта болып жатқан мәселелерге бей жай қараған жоқ. Бұл мәселелерді барынша халықаралық қауымдастықта көп көтеріп, шешуінде зор үлесін қосқан. Азиядағы шешілмеген қақтығыстардың көп болуы - қарусыздану және қару-жарақты бақылауында көп қиындықтарға әкеп соғады. Сонымен бірге мемлекеттер арасындағы сенімнің болмауы - сөзсіз жаппай қырып-жоюын қаруларға, тұрақсыз қару-жарақтың

жиналуына әкеледі. Президент Азияда жаңа қауіпсіздік моделін құру туралы ұсыныстарымен алғаш рет 1992 жылы Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында сөз сөйлеген. Одан кейін Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) өткізілді. Бұл бастама Азия құрлығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді және әмбебап құрылымын құру қажеттілігінен туындады, мұнда әлемнің басқа өңірлерінен қарағанда, ондай механизм әлі қалыптаспаған. АӨСШК-ні шақыру бастамасы барлық азиялық мемлекеттердің, сондай-ақ, бірінші кезекте, Біріккен Ұлттар Ұйымының, барлық халықаралық форумдарының қолдауына ие болды. Өзара сенім, құрмет пен теңдік АӨСШК-нің құрылтай құжатында көрсетіледі, нақтылап айтқанда, Декларация Азиядағы ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңеске мүше мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды реттейді. Яғни, 1999 жылы қыркүйек айында Алматы қаласында өткен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесіне мүше елдердің министрлерінің отырысында қол қойылды. Декларацияның жалпы ережелері Азиядағы сенім доктринасы негізінде жазылған, ол ережелерге мыналар кіреді: егемендікті құрметтеу, аумақтық тұтастығын сақтау, ішкі істерге араласпау, дауларды бейбіт жолмен шешу, күш қолданбау, қатысушы мемлекеттердің қарусыздану және қару-жарақты бақылау, әлеуметтік, экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық, БҰҰ-ның принциптеріне сәйкес жалпы адам құқықтарын қорғау мен құрметтеу. Бұл кездесу тарихи маңызға ие. Себебі, АӨСШК-не мүше елдердің сыртқы істер министрлерінің алғашқы кездесуі ғана емес, сондай-ақ Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің мүше-мемлекеттері арасындағы қатынастарды реттейтін қағидалар туралы Декларацияда қол қою маңызды, яғни азиялық үлгідегі қауіпсіздіктің жаңа жүйесі заңды негізін қалаған еді. Қазіргі кезде, АӨСШК мүше мемлекеттер: Ауғанстан, Әзербайжан, Қытай, Египет, Үндістан, Иран, Израиль, Қазақстан, Қырғызстан, Пәкстан, Палестина, Ресей, Тәжікстан, Түркия және Өзбекстан, ал бақылаушы - мемлекеттер- Австралия, Индонезия, Жапония, Корея, Моңғолия, Украина, АҚШ, Ливан, Вьетнам, Таиланд, Малайзия. Осының ішінде ең көп талқыланатын, әлі де шешімін таппаған- Ауғанстан мәселесі.

1.3. Қазақстан Республикасы Ауғанстан мәселесін бірнеше рет халықаралық қауымдастықта көтерген болатын. Мысалы, 2010 жылы 1-2 желтоқсанда Астана қаласында өткен Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымының саммитінде негізгі тақырыптары болып, Еуроатлантикалық және Еуразиялық кеңістіктегі тұрақты қауіпсіздік мәселелері, Ауғанстан мәселесі көтерілді. Саммитке қатысушылар *ЕҚЫҰ* аймағының қауіпсіздігі, әсіресе, көрші аймақтар, Жерорта теңізі мен Азияның қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тығыз байланысты екенін мойындаймыз.

Сондықтан біздің әріптестерімізбен өзара әрекеттесу деңгейін арттыру қажет. Атап айтқанда, біз әрбір қатысушы мемлекеттің мүмкіндіктері мен ұлттық мүдделерін ескере отырып, халықаралық қоғамдастықтың тұрақты, тәуелсіз, гүлденген және демократиялық Ауғанстанның құрылуына жәрдемдесудің ұжымдық күштеріне тиімді үлес қосу қажеттігін атап өтеміз. Саммитке 38 мемлекет және үкімет басшылары, *ЕҚЫҰ* қатысушы мемлекеттердің жоғары лауазымды тұлғалары, басқа да халықаралық және аймақтық ұйымдар өкілдері қатысты. Олардың арасында *ЕҚЫҰ* Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо, БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун, Ресей Президенті Дмитрий Медведев, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон, Германия Канцлері Ангела Меркель, Италия премьер-министрі Сильвио Берлускони және тағы басқалары қатысты. Қазақстан Республикасы посткеңестік кеңістікте ең алғаш болып бұл ұйымға басшылық еткен болатын. Саммит соңында Астана декларациясы қабылданды. Онда Саммитке қатысушылар Хельсинки актісінде және Жаңа Еуропа үшін Париж хартиясында, тағы басқа құжаттарда бекітілген *ЕҚЫҰ* міндеттемелері, принциптері мен құндылықтарын растады. Астанадағы саммит делегация басшыларымен жоғары бағаланды. Осылайша, *ЕҚЫҰ* Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо Қазақстанның астанасында қабылданған шешімдер жалпы қауіп-қатерлерге қарсы тұрудың бірыңғай стратегиясын жасауға ықпал ететінін атап өтті. БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун Қазақстанның *ЕҚЫҰ*-на төрағалығын барынша табысты деп айтып

кетті. АҚШ Мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон ЕҚЫҰ Саммиті Қазақстанның халықаралық қоғамдастықтағы маңызды рөлі туралы ерекше көңіл аударды. Сонымен қатар, 2018 жылдың қаңтар айы бойы Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы міндетін атқарды. Көптеген жаһандық және өңірлік процестерге қатысуын, медиация мен сенімділікті нығайтудағы белсенді ұстанымын ескере отырып, Қазақстан көпжақты дипломатия аясында барлық халықаралық ұйымдар мен мемлекеттерге бейтараптылығы мен тиімді теңдестірілген тәсілімен белгілі адал келістіруші ретінде әрекет етуді жалғастырады. Қазақстан Республикасы мен Президентіміздің беделінің жоғары болуына байланысты қазақстандық делегация бастамашылық еткен іс-шаралардың табысты өткізілуі және олардың нәтижелері бойынша қорытынды құжаттардың қабылдануы еліміздің келісімшарттық әлеуеті мен бітімгерлік әлеуетінің өзектілігін, сондай-ақ қазіргі заманғы әлемнің ең өзекті мәселелерін шешуге қатысты тиімді тәсілдерін көрсетті. Қауіпсіздік Кеңесі төрағасы қызметіндегі басымдықтары ретінде ядролық қарусыз әлемді жақындату; жаһандық соғыс қатерін болдырмау және жергілікті жанжалдарды реттеу; аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайтуда Орталық Азияның мүдделерін ілгерілету; терроризмге қарсы күрес және өзге мақсаттарды атап отыр. Қазақстан Республикасының БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалық етуін ел тәуелсіздігін жариялағалы бері өткен кезеңде халықаралық деңгейде қол жеткізген кезекті жетістігінің айғағы болып отыр.

Қорытындылай келе, әлемдік қауымдастықтағы мәселелерді шешуде ҚР-ң рөлі жылдан-жылға артып келеді. Оған әрине, ҚР-ң Президентінің тәуелсіздік алған жылдардан бері жүргізіп жатқан саясатының нәтижесі. Бұл мақалада келтірілген айғақтар осыған дәлел болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. <https://articlekz.com/article/11170>

2. 11.02.2017 г. Статъя: Роль Первого Президента Казахстана Н.А. Назарбаева в становлении и развитии внешней политики страны . Авторы: Смагулов С.Б., Утебаева А. допубликовано: 30.11.2017 г.

3. Роль первого президенте в развитии и становлении прочного государства. Статъя, авторы **Кульшимбаев И.Д.**, Сулейменова М.Ж., Макалаков Т.Ж.

4. Роль первого Президента республики Казахстан Н.А. Назарбаева В становлении казахстанской государственности// Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. - 2015. - № 5-3. - С. 510-514; http://www.akorda.kz/ru/national_projects/obse-2010_1338973041

УДК 341.1/8

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ГОСУДАРСТВ ЗА НЕСОБЛЮДЕНИЕ НОРМ МЕЖДУНАРОДНОГО ГУМАНИТАРНОГО ПРАВА

Садыкова Томирис Замановна

Tomik.sadykova@mail.ru

Студентка 2 курса международного права ЕНУ им.

Гумилева Астана, Казахстан

Научный руководитель-Костяная Ю.С.

Социальная ценность и эффективность норм международного права проявляется в процессе их реализации. Как верно указывает В.В. Гаврилов, "в современных условиях, когда решение глобальных проблем мира, стабильности и международного правопорядка ставится в прямую зависимость от эффективности действия международного права, особую значимость приобретает проблема надлежащего осуществления его предписаний на практике". В международном праве отсутствует конвенция, регулирующая основные виды и